


М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторантты Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310– Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия гылымдарының докторы (PhD) гылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбеккорлық\жалқаулық» концептілері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына шетелдік гылыми көзесешінің берген

ШІКІРІ

Әлемнің тілдік бейнесін тануда концептілерді зерттеу ғасырлар бойы тұракты өрнектер, когнитивтік үлгілер түрінде ұлттың мәдени танымындағы стереотиптерді тануға мүмкіндік береді. Ұлт тілінде сөйлеуші халықтың ғасырлар бойы сакталған дүниетанымы мен тілдік формаларда бекітілген дүниенің бұрыннаң келе жатқан және сакталған ұлттық бейнесін анықтауда концептілердің маңызы зор. Қазіргі кезеңде лингвомәдениеттану дербес пән ретінде құрделі зерттеу объектісіне ие – тіл мен мәдениеттің өзара сабабақтастығы. Қазақ халқының әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыстіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін еңбеккорлық\жалқаулық концептілерін танымдық тұрғыда зерттеу арқылы казақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алғындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде еңбеккорлық\жалқаулық концептілерінің когнитивті дискурстагы (проза, поэзия, паремиология, фразеология) лингвомәдениеттанымындағы вербалдану ерекшеліктері зерттелген. Осылайша, осы жұмыстың өзектілігі қажеттілікпен анықталады: тілдің адам әлемімен байланысы мәселесін одан әрі дамыту, концептілерді вербализациялау тетіктерін зерттеуді қөздөйтін концептосфераның әрбір құрамдас болігінде еңбеккорлық\жалқаулық ұғымдары маңызды болып табылады.

Менің докторанттым тарапынан жүргізілген зерттеу еңбегінде әр түрлі деңгейдегі теориялық жұмыстарды пайдаланғандығы диссертацияның негізделу және шынайылық дәрежесін раставиды. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдарының мазмұны құрделі әрі дәйекті, әрбір тұжырымы салмақты, сондықтан да болса керек зерттеу стратегиясы айқындалған, алынған нәтижелер жинақталған, жүйеленген әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Мәселен, зерттеуде когнитивті дискурстағы еңбеккорлық\жалқаулық концептілерінің құрылымдық ерекшеліктері мен семантикалық колемі анықталғандығы жөніндегі нәтижелері негізінде дайындалған тұжырымдар мен ұсыныстар көлтіріліп, қосынышада ізденуші тарапынан анықталған тілдік бірліктердің сөздігі берілген. Диссертацияның ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

Докторант Айткулова Гульмира Арипкановнаның Мугла Сыткы Кочман университетінде онлайн ғылыми тағылымдамадан откен кезде қазақ, түрік тілдеріндегі еңбеккорлық\жалқаулық концептілерінің синаттайтын тілдік бірліктердің ұқсас тұстары мен ерекшеліктерін талқыланды. Ізденушінің түрік




тіліне деген қызыгуышылығы мен екі тілде салыстырмалы зерттеу жүргізудегі идеялары мен ой-толғамдары, жасаған тұжырымдары ғылыми тұрғыда сынни ойлау қабілеттерінің жоғары екендігін корсетті. Диссертациялық жұмыста *Еңбекқорлық // жалқаулық* концептілерінің мәдени код ретінде концептуалдануы, ұлттық сана ретінде қарастырылуы жұмыстың логикалық жүйелілігі мен ішкі бірлігін айқындалап тұр. Қазақ тіліндегі «еңбекқорлық // жалқаулық» концептілерінің лингвомәдени мазмұнын талдамас бұрын отандық және шетелдік ғалымдардың концепті жөніндегі еңбектері мен қозқарастарына тоқталып өткен. Осыдан соң тіліміздегі *еңбекқорлық* концепті когнитивті дискурстагы (проза, поэзия, тұрақты тіркестер, паремиологиялық бірліктер, баталіек) әлемнің тілдік бейнесін танытатын тілдік бірліктерді танымдық тұрғыда талдап шыққан. Қорытындылап айттар болсақ, казақ тіліндегі «еңбекқорлық // жалқаулық» концептілерінің лингвокогнитивтік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті турде таңбаланғандығын дәлелдейген.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері: отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 9 ғылыми макала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 макала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 макала – КР ЕЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 макала – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында жарияланған.

Қорыта айтқанда, Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310– Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық // жалқаулық» концептілері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын.

PhD докторы, доцент

Мугла Сыткы Кочман университеті,

Мугла (Түркия)

Жанар 11/Кенан Коч

